

Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы құрамында аймақтық емдеу-диагностикалық орталығын ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 шілде 1993 ж. N 619.

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығының құрамында Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің N 167 медициналық-санитарлық бөлімінің базасында Аймақтық емдеу-диагностикалық орталығын, кейіннен осы ұйымдасушы орталықтың құрамына N 52605 әскери бөлімнің әскери ауруханасын енгізу туралы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Ұлттық ядролық орталығының ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығына, базасында емдеу-диагностикалық орталығы ұйымдастырылған ұйымдардың мүлкін иелену, пайдалану мен басқару құқын берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылдан бастап Аймақтық емдеу-диагностикалық орталығын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі арқылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.12.2015 № 1098 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі